



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank  
арқылы жазылу

№6 (10513) 27 ҚАҢТАР, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## БЕЙНЕУ мен САЙӨТЕС – БАСШЫ НАЗАРЫНДАҒЫ БАҒЫТ

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ӨНІРДЕГІ БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ӨЗ КӨЗІМЕН КӨРУ, ӘЛЕУМЕТТІК АХУАЛДЫ БАҒАМДАУ ЖӘНЕ НАҚТЫ ТАПСЫРМАЛАР БЕРУ МАҚСАТЫНДА БЕЙНЕУ АУДАНЫ МЕН МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ САЙӨТЕС АУЫЛЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ-МЕН БАРДЫ.



Аймақ басшысының Ақтау–Бейнеу республикалық маңызы бар автожолында орын алған жол-көлік оқиғасы салдарынан қаза тапқан азаматтардың отбасыларына арнайы барып, жақындарына қайғыра көңіл айтты.

Сонымен қатар Нұрдаулет Қилыбай жол апатынан түрлі жарақат алып, қазіргі уақытта Бейнеу аудандық ауруханасында ем қабылдап жатқан нау-

қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әлеуметтік нысан мемлекетке қайтарылған активтер есебінен салынып, құрылыс жұмыстары ақпан айында басталып, жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Сонымен

автотұрақ пен сервистік қызметтерді қамтитын бұл кешен ауданның туристік және экономикалық әлеуетін арттыруға серпін бермек.

Сондай-ақ Нұрдаулет Қилыбай өткен жылы пайдалануға берілген Сайөтес ауылдық мәдениет үйінің жұмысын көрді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынған, құны 691 миллион теңгені құрайтын мәдениет үйі 200 орындық концерт залы бар заманауи ғимарат ретінде ауыл тұрғындарының игілігіне қызмет етуде. Мұнда түрлі үйірмелерге арналған залдар, вокал, би, домбыра, колонер сыныптары, жарық және дыбыс студиялары, кітапхана мен мамандарға арналған кабинеттер бар. Бұл нысан ауылдың рухани өмірін жандандырып, жастардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Сапар барысында өңір басшысы Сайөтес ауылында жаңадан ашылған өрт сөндіру бекетінің жұмысымен де танысты. ҚР Төтенше жағдайлар министрлігінің «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында іске асырылған бұл нысан шалғай елді мекендердегі қауіпсіздікті қамтамасыз



қастардың жағдайымен танысты. Дәрігерлердің мәліметінше, ауруханада жатқан жеті науқастың барлығы тұрақты бақылауда, қажетті медициналық көмек толық көлемде көрсетіліп жатыр. Облыс әкімі әрбір науқастың хал-жағдайын сұрап, медицина қызметкерлеріне емдеу процесінің сапасы мен уақыттылығы жүргізілуін қатаң бақылауда ұстауды тапсырды. Әкімнің тапсырмасына сәйкес медициналық көмекті күшейту мақсатында ауданға санитарлық авиация арқылы білікті, жоғары санатты профильдік мамандар тобы жіберіліп, жергілікті атқарушы органдар жанынан жедел штаб құрылды.



бірге Бейнеу ауданына қарасты Есет ауылында да биыл 100 орындық мектептің құрылысы басталған. Аймақ басшысы білім беру нысандарының сапалы әрі уақытылы салынуы өңір болашағы үшін айрықша маңызға ие екенін атап өтті.

Жұмыс сапары Маңғыстау ауданына қарасты Сайөтес ауылында жалғасты. Облыс әкімі мұнда жүзеге асып жатқан және пайдалануға берілген бірқатар әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандардың жұмысымен, жол бойындағы сервисті дамытуға бағытталған кэмпинг жобасымен танысты. Автожанармай құю стансасы, қонақ үй, қоғамдық тамақтану орны,

студе маңызды рөл атқарады. Аудан орталығы Шетпеден 126 шақырым қашықтықта орналасқан, 2 мыңнан астам тұрғыны бар ауыл үшін мұндай бекеттің ашылуы төтенше жағдай кезінде жедел әрекет етуіне қолайлы. Бекет заманауи өрт техникасымен және қажетті құрал-жабдықтармен толық қамтылып, тәулік бойы қызмет атқаратын арнайы дайындықтан өткен құтқарушылармен жасақталған.

Нұрдаулет Қилыбай шалғай елді мекендердегі әлеуметтік, инфрақұрылымдық және қауіпсіздік нысандарының маңызын ерекше атап өтіп, құрылысы басталған жобаларға қажетті инфрақұрылымды дер кезінде тартуды, барлық жұмыстардың белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді жауапты тұлғаларға тапсырды.

«Маңғыстау» ақпарат.

## ЖАҢАӨЗЕННІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ КҮШЕЙЕДІ

ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ. ӨНІР БАСШЫСЫ «OZENMUNAIPROM» ЖШС МЕН «MEDAL GROUP» КОМПАНИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАП, ҚАЛАНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН БАСТАМАЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАДЫ.



Кездесу барысында инвесторлар Жаңаөзен қаласында газпоршеньді электр стансасын жаңғырту және оның қуатын кеңейтуге арналған жобаларын жан-жақты таныстырды. Ұсынып отырған бастамалар қаланың энергетикалық қауіпсіздігін күшейтуге, электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етуге, сондай-ақ өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту арқылы өңір экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар жобалар аясында жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті кадрларды тарту және әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту жоспарда бар.

Компания өкілдері жобаларды іске асыру барысында заманауи технологияларды қолдану жоспарланып отырғанын, өндіріс процестерінде экологиялық қауіпсіздік талаптары қатаң сақталатынын атап өтті. Инвесторлар ұсынған жобалардың өңір экономикасына ұзақ мерзімді оң әсерін тигізіп, энергетика саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін жеткізді.

Өңір басшысы өз сөзінде энергетика мен өндіріс салаларының Маңғыстау облысы үшін стратегиялық маңызға ие екенін айтты. Нұрдаулет Қилыбай облыс әкімдігі тарапынан өңірдің дамуына, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға ықпал ететін инвестициялық бастамаларды заңнама аясында қолдауға дайын екенін білдірді. Сондай-ақ ол мемлекеттік органдар мен инвесторлар арасындағы өзара тиімді әріптестіктің маңыздылығына тоқталды.

Кездесу қорытындысында тараптар ұсынылған жобаларды тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып жан-жақты пысықтау, техникалық және экономикалық мәселелерін нақтылау, әрі қарай өзара ынтымақтастықты жалғастыру жөнінде келісімге келді.

Өз тілшіміз.

• БҮГІНГІ САНДА



### DEEPFAKE: ЖАСАНДЫ ЗИЯТ ЗИЯНЫ

» 4



### ШӨЛМЕКТІ ҚАЙТА ӨНДЕУ ШЕБЕРІ

» 5